

1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 ақпандағы N 221 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы, "Аджип Каспиан Си Б.В.", "БГ Интернешнл Лимитед", "ЭксонМобил Қазақстан Инк.", "Шелл Қазақстан Девелопмент Б.В.", "Тоталь ЭиП Қазақстан", "Филлипс Петролеум Қазақстан Лтд", "Инпекс Норт Каспиан Си Лтд" арасында жасалған 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге Қосымша шарт мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Ескерту. Өзгертулер мен толықтырулар жөніндегі Шарт Деректер Базасына енгізілуге жатпайды.